

Депозитті ұзарту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 16 қыркүйектегі N 309

"Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамы қаржылық сауықтыру жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 ақпандағы N 250 қаулысын атқару үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінде орналастырылған 9 400 000 (тоғыз миллион төрт жүз мың) сомасындағы депозитті 1997 жылдың 1 желтоқсанына дейін ұзарту туралы мәселені шешсін.

Депозиттің ұзартылуы тиісті келісіммен ресімделсін.

Премьер - Министрдің

бірінші орынбасары